

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XVIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**PROCEEDINGS
of the XVIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**2023
Астана**

УДК 001+37
ББК 72+74
G99

**«GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XVIII
Международная научная конференция студентов и молодых
ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» = The XVIII International
Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE
BILIM – 2023». – Астана: – 6865 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.**

ISBN 978-601-337-871-8

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001+37
ББК 72+74

ISBN 978-601-337-871-8

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2023**

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІ БАСҚАРУ

Кошқулова Асем Сериковна

akoshkulovas@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Мемлекеттік және жергілікті басқару» мамандығының

3 курс студенттері, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – PhD Доцент Нуркенова М.Ж.

Қазіргі экономикадағы сапалы өзгерістер экономикалық дамуды анықтайтын факторлар мен көздердің айтарлықтай қайта құрылуын көрсетеді. Дәстүрлі экономикалық өсу ресурстарының мүмкіндіктерін тарылту оларды пайдаланудың физикалық шектерінің жақындауымен, сондай-ақ шығындардың ұлғаюымен және табиғатты қорғау іс-шараларының тиімділігінің төмендеуімен байланысты. Бұл 21 ғасырдағы экономикалық өсу моделі білім мен технологияға, өнімдер мен қызметтерге негізделуі керек дегенді білдіреді [1, 68 б.].

Теориялық кезеңдерді талдай отырып, инновациялық қызметтің мынадай жалпыланған анықтамасын беруге болады: инновациялық қызмет-ғылыми зерттеулер мен әзірлемелердің нәтижелерін пайдалануға және коммерцияландыруға, шығарылатын өнімнің (тауарлардың, көрсетілетін қызметтердің) номенклатурасын кеңейту немесе жаңарту және сапасын жақсарту, оларды дайындау технологиясын жетілдіру, кейіннен ішкі және шетелдік нарықтарда енгізу және тиімді іске асыру үшін бағытталған қызмет. Инновацияға күрделі салымдармен байланысты инновациялық қызмет инновациялық-инвестициялық қызмет деп аталады. Инновациялық қызмет ғылыми, технологиялық ұйымдастырушылық, қаржылық және коммерциялық іс-шаралардың тұтас кешенін қамтиды, олар өз жиынтығында инновацияларға әкеледі[2, 15 б.].

Соңғы бірнеше жылда мемлекеттің инновациялық қызметті ынталандыру мәселесіне назары айтарлықтай өсті. Елімізде жұмыс істеп тұрған өндірістерді жетілдіру және инновацияларды құру Қазақстан экономикасының "шикізаттық" экономика санатынан білім экономикасына көшуіне жол ашатын басты мақсат ретінде қарастырылады. Дегенмен, инновацияны қысқа мерзімде дамыту мүмкін емес екенін түсіну керек. Бұған шетелдік тәжірибе дәлел бола алады, мысалы, АҚШ, Еуропа елдері және Азияның алдыңғы қатарлы елдері, бірнеше онжылдықтар бойы инновациялық-технологиялық даму саласында әлемдік көшбасшылыққа ұмтылған ұзақ және жүйелі тарихы бар. Экономикалық дамыған елдердің тәжірибесі Қазақстанның білімге негізделген жаңа экономика құру жолында екенін көрсетеді.

Қазақстан Республикасының инновациялық қызметін мемлекеттік қолдау мынадай қағидаттарға негізделеді:

- инновацияларды өндіріс пен қоғамның түрлі салаларын басқаруға енгізу жолымен пайдалануды көздейтін инновациялық қызметті жүзеге асыру кезінде ұлттық мүдделерді сақтау;
- ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін инновациялық қызметтің басымдығы;
- мемлекеттік қолдау алуудағы инновациялық қызмет субъектілерінің теңдігі;
- инновациялық қызмет субъектілерін мемлекеттік қолдаудың экономикалық тиімділігі мен нәтижелілігі;

- ғылыми және ғылыми-техникалық субъектілер мен кәсіпкерлік субъектілерінің тұрақты өзара іс-қимылын қамтамасыз ететін кешенділік пен жүйелілік;
- жоғары білікті мамандармен инновациялық қызметтерді ұсыну [3, 373 б.].



Сурет-1. Инновациялық қызметті мемлекеттік қолдаудың негізгі бағыттары

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау түрлері:

- инновациялық қызметтің мамандандырылған субъектілерін құруға қатысу;
- құрылған мемлекеттік даму институттарының қызметін құру, үйлестіру және одан әрі дамыту;
- бюджет қаражаты есебінен инновациялық жобаларды іске асыру;
- Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында айқындалған шарттарда инновациялық гранттар беру;
- инновациялық қызметті кадрлық қамтамасыз етуді ұйымдастыру, оның ішінде инновациялық менеджмент негізінде оқыту;
- инновациялық қызмет саласындағы мемлекеттік инновациялық саясатты іске асыру үшін қажетті ұйымдастырушылық, құқықтық және экономикалық жағдайлар жасау [3, 374 б.].

Осу үрдісіне қарамастан, қазақстандық кәсіпорындардың инновациялық белсенділік деңгейі әлі де төмен деңгейде-28,6% (2021 жылы). Салыстыру үшін: АҚШ-тағы инновациялық белсенді кәсіпорындардың үлесі-61,3%, Германия-57,3%, Швейцария-65,5, Ресей-36,6%. Ескірген өндірістік және басқару технологияларын пайдалану инновациялық белсенділіктің төмен деңгейінің себебі болып табылады [4].

Менің ойымша, болашақта елдер арасындағы көрсеткіштердегі алшақтық артуы мүмкін. Мұны инновациялық қызметті қаржыландырудың төмен деңгейімен түсіндіруге болады, өйткені 2020 жылы Қазақстанда ҒЗТКЖ-ны қаржыландыру көлемі республиканың ЖІӨ-нің 0,1%, ал Ресейде-1,1%, ал АҚШ-та-3,5% құрайды [5].

Технологиялық инновацияларға арналған шығындар құрылымы бойынша Қазақстан "қарапайым инноваторлар" тобына жатады, өз кезегінде экономикалық дамыған елдер 80% - ға дейін жұмсайды. Алайда, қазақстандық бизнес өндірістік қуаттарды жаңғырту сатысында тұрғанын ескере отырып, отандық экономика үшін технологияларды жаңартудың инвестициялық тәсілінің басым болуы әбден қолайлы деген қорытынды жасауға болады.

Қазақстанның технологиялық дамуының ерекшелігі технологиялар нарығында бизнес үшін қажетті шешімдердің жоқтығы болып табылады. ҒЗТКЖ саласы Республика кәсіпорындарының жаңа жоғары технологиялық шешімдерге деген жоғары сұранысын қанағаттандыра алмайды, ал мемлекеттік қаржыландыру есебінен әзірленетін технологиялар өз бөлігінде кәсіпорындар тарапынан нақты сұраныстар құрылымына сәйкес келмейді [2, 97 б.].

Кесте-1. Инновацияның барлық түрлері бойынша кәсіпорындардың инновациялық белсенділік деңгейі

	2019	2020	2021	2021/2020 +/-
Қазақстан Республикасы	11,3	11,5	10,5	-1
Ақмола	7,7	7,4	5,8	-1,6
Ақтөбе	10,6	11,1	12,5	+1,4
Алматы	9,3	9,8	8,1	-1,7
Атырау	9	10,1	10,1	-
Батыс Қазақстан	5,3	5,9	6,9	+1
Жамбыл	13,1	13,7	9,2	-4,5
Қарағанды	13,5	12,8	13,0	+0,2
Қостанай	12,8	14,3	11,9	-2,4
Қызылорда	12,3	12,4	11,2	-1,2
Манғыстау	3,4	7,9	6,3	-1,6
Павлодар	9,1	9	5,2	-3,8
Солтүстік Қазақстан	9,5	14,1	11,3	-2,8
Түркістан	9,1	11,2	10,4	-0,8
Шығыс Қазақстан	14,9	12,9	11,2	-1,7
Нұр-Сұлтан қаласы	14,8	12,6	13,5	+0,9
Алматы қаласы	12,2	13	11,4	-1,6
Шымкент қаласы	7,3	7,1	7,0	-0,1

Ескерту: Қазақстан Республикасы Ұлттық статистика бюросының деректері негізінде автормен құрастырылған – <https://www.stat.gov.kz>.

Қазақстандағы инновациялық белсенділіктің негізгі көрсеткіштері бойынша өңірлер арасында Астана мен Алматы қалалары көш бастап тұр. Яғни, Астанадағы кәсіпорындардың жалпы саны 3668 болса, оның ішінде 494 кәсіпорында инновация бар, Алматыда 1,7 есе көп, 6527 кәсіпорынның 747-сінде инновация бар.

азақстанның инновациялық дамуы қазіргі заманғы индустриялық инфрақұрылымды қалыптастыру үшін мемлекеттік-жекешелік әріптестік негізінде мемлекет пен жеке бизнестің мүмкіндіктерін белсенді пайдалануды көздейді, оның дамуы магистральдық «серпінді» жобаларды іске асырудың табыстылығын анықтайды. [2, 104 б.].

Жалпы Қазақстандағы жағдайды бағалау елімізде отандық және шетелдік білімді ұлттық байлыққа айналдырудың тиімді жүйесі жоқ болғандықтан, технологиялық қамтамасыз ету мен нарыққа енгізудің ұлттық жүйесі әлсіз буын болып қала береді деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, «білім экономикасын» құрудың негізгі тетігі іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулердің нәтижелерін жүргізу және коммерцияландыру үшін институционалдық жағдайларды қамтамасыз ететін Ұлттық инновациялық жүйені құру болып табылады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Инновациялық менеджмент: оқу құралы. 1-том / Б.С. Толысбаев, Б.М. Искаков. - Алматы: Эпиграф, 2019. – 245б.
2. Теория и практика инновационного менеджмента: учебное пособие / Н.Н. Нурмухаметов, К.А. Кирдасинова; Министерство образования и науки Республики Казахстан, Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева. - Астана: ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, 2019. – 273б.
3. Исабеков Б.Н., Мухамбетова Л.К. Инновация және кәсіпкерлік. Оқулық. - Астана, 2017. - 704 б.
4. Рейтинг стран по уровню инноваций-
<https://nonews.co/directory/lists/countries/global-innovation-index>
5. Рейтинг стран по затратам на НИОКР
<https://w3.unece.org/SDG/ru/Indicator?id=123>
6. ҚР Ұлттық статистика бюросы - <https://www.stat.gov.kz>.

ӘОЖ 351.35.082

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕ ҚАБЫЛДАУ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУ ЖОЛДАРЫН ОҢТАЙЛАНДЫРУ

Курмангали Әділ Жанатұлы
adil.kurmangali@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Мемлекеттік және жергілікті басқару мамандығының 2 курс магистранты, Астана, Қазақстан

Дүниежүзілік тәжірибе мемлекеттік қызметтегі кадрлық жұмысты ұйымдастырудың орасан алуан түрлі тәсілдерін ұсынады. Бұл тәсілдер ел дамуының әртүрлі тарихи, мәдени, экономикалық және басқа да ерекшеліктерінің әсерінен қалыптасады.

Мемлекеттік қызмет пен оның кадрлық құрамын ұйымдастырудың шетелдік тәжірибесін зерделеу және пайдалану мәселесі қазіргі кезеңде өзекті болып табылады, өйткені болашақта оларды Қазақстанның мемлекеттік кадр саясатын жетілдіруде қолдану мүмкіндігі бар.

Тәуелсіздік алған 31 жыл ішінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі қалыптасу мен дамудың күрделі жолынан өтті. Мемлекеттік қызметтегі кезең-кезеңмен